

17095

МУХАМЕДИЯ ЖҰМАҒАЛИЕВ

СЫРЫМДЫ АЙТАМ





МУХАМЕДИЯ ЖҰМАҒАЛНОВ

---

СЫРЫМДЫ  
АЙТАМ

ӨЛЕНДЕР



«ЖАТЫН» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ — 1977

**Жұмағалиев Мұхамедия.**  
Ж 87 Сырымды айтам. Алматы, «Жа-  
лын», 1977.  
64 бет.

Мұхамедия Жұмағалиевтің өлеңдері республикалық баспасөз бетінде жиі жарияланып жүр. Ол — туысқан республикалар жас ақындарының Бүкілодақтық VIII фестиваліне қатысушылардың бірі.

Жинаққа жас ақынның туған жер, оның әсем табиғаты, жарасты жастық шақ, асыл махаббат жайлы өлеңдері енгізілді. М. Жұмағалиев жырларына нәзік саздылық, сыршылдық тән.

Қаз 2

017093

ИБ № 131

Ж  $\frac{70303-71}{408(07)77}$  129-77

© «Жалын» баспасы — 1977

БИБЛИОТЕКА  
Г.И. ПЕТРОПАВЛОВСК



**БАҚЫТЫМ—БАЙТАҚ  
ДАЛАМ**



*Төбемнен аппақ нұр төк те,  
Шырқатып алышы бір көкке.  
Назым бар әлі айтпаған,  
Жазым бар алда гүл-көктем.*

*Жырым бар ешкім жазбаған,  
Отым бар енді маздаған.  
Батаңды берші ақ уыз,  
Анамдай дархан аз далам!*



## КӨКШЕНІ СҮЙГЕН ЖҮРЕКТЕҢ

Беу, Көкше, табиғатың сұлу қандай,  
Томсарған шыңдарыңда жылу бардай.  
Бір уыс топырағың ыстық маған,  
Мен үшін бір ұрттаған суың балдай.

Шоқтығын Оқжетпестің сүйіп бұлт,  
Қараймын келбетіңе ұйып тұрып.  
Төменге қырандарың қонбау үшін,  
Қойдың ба тауларыңды биік қылып?!

С

\* \* \*

Сәл жырақ туған жерден кетсем тегі,  
Көрмегендей сағынам көптен бері.  
Шақырады қол бұлтғап сонда қалған  
Өмірімнің балауса көктемдері!

Сағынам сар самалды дала танын,  
Шыраққан қиялымның балапанын.  
Сағынамын шау тартқан шалдарымды,  
Әжелердің әжімді алақанын.

Сағынам бас білмеген бала күнді,  
(Шіркін-ай, сағындырмас дала кімді!)  
Сағынам түздің сонау ақ жауынын,  
Жүгірген түріп алып балағымды.

Кеудемде көк құрағын басып тұрып,  
Ойнап кеп кетер ме едім асық құрып.  
...Осынау сағыныш қой мені дәйім,  
Жүретін туған жерге асықтырып.

Мені көп шақырмаңдар, таныс белдер,  
Таныс белдер, тарықсам намыс, дем бер!  
Сендер жаққа, сеніңдер, оралам бір,  
Жақын дендер, о, мейлі, алыс дендер...

□





\* \* \*

Көкшетауым, сағынып көрсем сені,  
Көтеріліп қалады еңсем, тегі.  
Кем сенбедің, сен маған өзгелерден,  
Өзің болдың менің де — ең сенгенім.

Көңілімнің тасытып көктем селін,  
Алдына кеп ақ тұрып айтам сенім:  
Ақтамасам перзенттік парызымды  
О, туған жер, ұлық боп қайтем сенің?!

\* \* \*

Сен жаққа дәйім асығып тұрам жеткім кеп,  
Қосмостық мынау жылдамдықпенен,  
екпінмен.

Қанатым алғаш қатайып барып,  
өзіңнен  
Қияға қарап қалықтап ұшып кеттім мен.

Сап айлар самғап,  
зымырап қанша өтер күн,  
Сені мен мені айырса жылдар,  
не етермін?!  
Сағыныш шіркің шыдатпай бір күн, өз ұям,  
Құсың боп қайта сұңқылдап ұшып жетермін!

-

## ОРМАНДА

Табиғат құдіретіне қара мына:

Қалыпты орман мүлгіп,

дала тына.

Әу баста ақ қайындар жаралғандай,

Жарасып тұру үшін маралына.

Сыбдырлап қалың жыныс жас құрағы,

Елтітіп жұпарына мас қылады.

Адасып үйірінен қалды ма екен,

Мөлтілдеп жанарына жас тұнады.

Ол батқан мұңға қайтып батпайын, ә!

Даламның еркесі ғой,

мақтайын да.

Шарқ ұрып ұзай алмай жүр ме екен,

Серік боп әлде осынау ақ қайыңға?!



## ЖОЛДАР... ЖОЛДАР

Жолдар, жолдар — жолаушының,  
сан тағдырдың күәсі,  
Теңіздерге апаратын сияқты бір сү басы.  
Сол жолдармен өтіпті гой сан мінезді  
адамдар,  
Содан ба екен, бұл өмірде жақсы да бар,  
жаман бар.

Жер үстінде жолдар қанша әр тараптан  
косылған,  
Қиын сүрлеу, соқпақ та бар кілт бұрылар  
тосыннан.  
Жолдар да бар сайрап жатқан,  
қара жол бар шандатқан,  
Өмір деген үлкен жолды құрайды олар  
жан-жақтай.

Өрге шықсаң тырбанумен алдынды сай  
бөгемек,  
Ұзақ жолдан қиналасың, сый да аласың  
не керек.  
Шыңдаларсың, сын да аларсың, —  
онсыз өмір болған ба,  
Өмірді мен ұқсатамын тап осындай жолдарға!

—  
—



## ТУҒАН ДАЛА

Туған дала, төсінде аунасам деп,  
Гүлдеріңнен қырмызы аумасам деп,  
Көктем сайын құс болып жиі келем,  
Көкейіңде ұмыт боп қалмасам деп.

Тұрса-дағы ақпаның қалай үдеп,  
Перзентіңнің жатқанда талайы кеп,  
Елейін бе суықты, мен де келем  
Аязыңмен тыныстап алайын деп.

Алматының аптабы күйдірсе көп,  
Сағыныш боп бір әсем күй бітсе кеп,  
Сақарам-ау, тағы да сапар шегем  
Самалыңа бетімді сүйдірсем деп!

...Бұл сезімді жалғапға санама тек,  
Мен даламды сүйемін ала-бөлек.  
Жолым түспей кетсем көп, алаң болам  
Туған далам тосырқап қала ма деп!



## АҚҚУЛАР

Ақ сәулеге құмартып қалатынмын,  
Ойнаса көл үстінде айпадайын.  
Айналдым сұсылынан қанатыңның,  
Сұңқылынан үңіңнің айналайын!

Сұңқылыңнан бір сырды сезе алдым ба,  
Бәлкім, ол өксігің емес пе екен?!  
Сендерді көргенімде, көз алдыма  
Өзімнің аққуымды елестетем.

□

## ҚОС КӨГЕРШІН

*(Бауырларым Көпжасар мен Клараға)*

Күттірмей мені келетіндеріңді білгем бе,  
Шығар едім ғой шарқ ұрып онда бір белге.  
Бір хабар күткем, әйтеуір, сендер жақтан  
мен,  
Тыншымай жаным елегізіп беріп жүргенге.  
Төбіреніп бір сәт «Айнакөл» анау жай  
жатқан,  
Кеткендей еді жарқырап аспан,  
жайнап маң.  
Көңілімді Көкше тауына бір-ақ көтеріп,  
Көгершіндерім менің,  
келдіңдер ұшып қай жақтан?!  
Қанаттарың талмай  
бұл жаққа қалай жеттіңдер,  
Аңсапты ма әлде арадағы айлар,  
көп күндер?  
Қас-қағым уақыт кеудеме бақыт орнатып,  
Қас-қағым сәтте қайтадан ұшып кеттіңдер.  
Кетпендер ұзап...  
Оралып қайта келіңдер,  
Сендерің — сәнім,  
сағынтқан әнім. Сеніңдер.  
Көктемде, күзде,  
Қыста да, жазда жұп жазбай  
Көгершіндерім менің,  
Күттірмей келе беріңдер!




## ЖАҚСЫ-АУ

Жақсы-ау — досқа жазу арнап жыр-тілек,  
Жыл өткесін кетпесе егер ұмытып.  
Жақсы-ау — ұзақ соға берсе бұл жүрек,  
Жүрсе егер өзгені де жылытып.

Жақсы-ау, құрбым, жыр жазғанын  
тәп-тәуір,  
Жүректерді қуантып, не жылатып.  
Жақсы-ау — тіпті болғаны да көп бауыр,  
Жабыққанда жүрер болса жұбатып.



047095



## АҢСАЙМЫН СЕНІ, АНАШЫМ

Қанша жыл өтсе өзіңнен жетім қалғалы,  
Сонша жыл әлі бір үміт өшпей жанғалы.  
Сағынғаным деп біл түсімде жүрсем сені  
ойлап,  
Оянсам егер сені іздеп талай таңда әлі.

Көп жылдар өтті көңілге кірбің қондырып,  
Күйдіріп бірде, суығына кейде тондырып.  
Болмады менде басқалардағыдай қос пана,  
Сен жайлы бірақ менде бір жақсы болды  
үміт.

Қалмапты менде өзіңнің бір де қол табың,  
Сен емес бірақ, әке боп қалды қорғаным.  
Болған да шығар шілдехана мен туғанда,  
Туған күн тойлау одан соң менде болмады.

Алтыда едім, ақыл жоқ онда менде ешбір,  
Асыр сап жүрдім сол күні десем, —  
сенбес кім!  
Көп еді-ау сонда басымнан сипап кеткендер,  
Өткенді еске ап есіркемейді ғой енді ешкім.

Мен-дағы бүгін ержеттім, ана, ес біліп,  
Біреуден ерте, біреуден енді кеш жүріп.  
Жыл өтсін мейлі жанардың жасын құрғатып,  
Жүректе бірақ қалмайды бейісең ескіріп!

\* \* \*

Күн деп оны айтар кім,  
Күнде жылу болмаса.  
Гүл екен деп байқар кім,  
Гүлдер сұлу болмаса.

Салқындығы не керек,  
Бұлақ мөлдір болмаса.  
Ақын жыры не керек,  
Көкейге бір қонбаса.

\* \* \*

Жыр жаза алмай жүрмін бе,  
Ақтара алмай ой кенін.  
Жарқ етпесем бір күнде,  
Жанды қинап қайтемін.

Бақыт құсы басқа бұл  
Қона қоймас, әй, тегін!  
Жазбайтұғын жаста жыр  
Жазармын деп қайтемін?!



## ОЙ ТАМШЫЛАРЫ

\* \* \*

Гүл сыйлар ем, — күз келгенде солмай ма,  
Күн сыйлар ем, — күнге барар жол қайда?  
Бәрінен де ақ жанымды ақтарып,  
Жыр сыйласам болмай ма?!

\* \* \*

Күндер зулап, жылжып айлар, жыл өтер,  
Уақыт салып бетке әжім, әркімді-ақ  
жүдетер.  
Жылмен бірге жастық өтіп,  
күміс шалар шашты да,  
Сол кезде де сені ойласам, бәлкім,  
жүрек... дір етер!

\* \* \*

Қызығасың біреудің сұлуына,  
Қылығына, немесе бұрымына.  
Құлынына біреудің сұқтанбашы,  
Түспегесін өзіңнің «құрығыңа!»

□

## ДОСТАРҒА ХАТ

Күндер өтіп жатыр бұлдыр сағымдай,  
Менің нұрлы, сырлы болашағымдай.  
Хат күтсем де күтпеген боп жүрмін мен,  
Өздерінді сағынсам да «сағынбай».

Не айтамын, не жазамын хатқа бұл?  
(Жақсы-ау егер жатсақ бәрін ап қабыл).  
Қай тұстарда қай қыздармен жүрсіндер,  
Қайран, достар, соғатұғын жатқа жыр?!

Қайда дағы ашық болғай жолдарың,  
Бар тілегім, сәлемім де — сол бәрі.  
Назым болсын сендерге айтқан, құрбы-дос,  
Хат жазындар тие қалса қолдарың.



\* \* \*

Амансың ба, аяулы дос,  
армысың,  
Қайда жүрсің,  
хабарың жоқ,  
бармысың?  
Аңсаттырып кетесің ғой кей кезде  
Жамыратып қиялымның бар құсын.

Айырғысыз  
біздер егіз гүл едік,  
Сонау күндер түсіме де жүр еніп.  
Бауырлардай емес пе едік бір туған,  
Өлсе де егер кететұғын бірге өліп!

Достар қанша жататұғын тартысып,  
Біреулер дос — бөліп ішкен жарты үшін.  
Ал біздер ше,  
қнын жерде қажет пе —  
Жүректің де бөлер едік жартысын!

□

## ӘКЕ

*(Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі,  
аяулы әкем Балта Жұмағалиевке)*

О, әке — асқар тауым, дара шыным,  
Өзіңсің ақылшым да жанашырым!  
Сен бердің маған өмір, сондықтан да  
Сенікі бар байлығым, бар асылым.

Өзіңсің табан тірер тірегім де,  
Өз бейнең қайталанып тұр өнімде.  
Перзенттік махаббатым — алау отым,  
Маздайды шамшырақтай жүрегімде.

Сен барда ортаймайды несіп-кесем,  
Мен барда отырмассың есікте сен!  
Кешіксе хатым кейде, кейімеші,  
Болмай ма өзім бірақ кешікпесем!

Тынышымай алып ұшқан сезімдей боп,  
Өткізсем кей түндерді көз ілмей көп —  
Өзіңді сағынғаным шығар жиі,  
Сағынған мына мені өзіндей боп.

Сен үшін отқа ұлынның күйері шын,  
Өзіндей айтшы кімді сүйеді ішім?!  
Қол артар асқар тауым сенсің менің,  
Мен — сенің ертеңгі күн сүйенішің.

## АҒА ДЕР ЕМ...

Аға тұтып хат жазсам да ағам жоғын  
білдім мен,  
Аға дер ем — көңіл бірақ көргісіз-ау,  
кір мүлдем.  
Аға дер ем — туысым деп мені жақын  
тартты кім,  
Аға дер ем — сезімдер жүр сездіріп ап  
жаттығын.

Аға дер ем — алшақ бүгін жер мен  
көктей арамыз,  
Жылдан-жылға суық тартып,  
суық тартып барамыз.  
Кіші болып, бәлкім,  
өзім туыс іздеп бармадым,  
Күн жылыңса ериді ғой етектегі қар-дағы.

Хат жазуға үлкендік те болғаны ма  
тосқауыл?  
Білсең етті есептесіп жүрмейтінін  
дос-бауыр.  
Білсең етті туыс барып тілегі бір, —  
білмедің,  
Білсең етті, кешегі бір шыбықтың да  
гүлдерін!..

—







## БАУЫР

Сыңарым ба едің  
қапияда көз жазып қап табысқан,  
Шын арым ба едің  
сыпса-дағы шарт сынатын намыстан.  
Інім бе едің  
өмір бойы арман етіп келген мен,  
Гүлім бе едің  
іздеп жүрген ізім қалған белдерден.

Жарты жолда жолдас болдым жақсымен де  
жамаппен,  
Жоқ әлде сен  
жоғалтып ап жүрген асыл ағам ба ең?!  
Мен, әйтеуір, күткенімде  
зарығып бір нұрды алдан,  
Сен кезіктің шуақ болып  
сонау да бір жылдардан.

Сен кезіктің сыңарым да,  
інім де боп,  
ағам боп,  
Жүрегіңнен жүрегіме  
жетіп жатты маған да от.  
Тағдыр бізді қосар ма еді,  
қосар ма еді, о, адам,  
Тағдыр өзі айырмаса екеумізді анадан?!

## ЖЕҢЕШЕМЕ

Сәлем саған ардақты, алтын жеңешем,  
Сағындырып қойдың сонша неге сен?  
Артық деме, ақ жаныңның бағасы ол,  
Алтынға да бір өзінді теңесем.

Жеңешелер, жеңешелер көп қой тым,  
Көп болғанмен кейбірінде жоқ қой құн.  
Анамдайсың, ардақтысың ал өзін,  
Содан ба екен Апатай деп ат қойдым.

Әлі күнге апатайлап келемін,  
Жер бетінде жоқ өзіне тенеірім.  
Ана орнына ана болған, асылым  
Әрқашан да биік болсын мерейің.

Болса да ойым парызымды өтемек,  
Уақыт...

уақыт өтіп жатыр, не керек.  
Сәбиіңдей едім-ау мен,  
ал бүгін  
Сәбиімді жүрмін өзім жетелеп!

□



Қарашы, әне, қаз-қаз басып аяғын,  
Жүріп кетті, сүріну жоқ баяғы.  
...Түсінбейді-ау, сәби бірақ,  
өзі үшін  
Біреу барын жүрген сүйреп таяғын...

\* \* \*

Келе жатыр бір жас жігіт гүл ұстап,  
Күтті ме екен қызық думан, тыныш бақ?  
Келе жатыр, көңілінде көп ойлар,  
Әлсін-әлі кеуде кере тыныстап.

Белгісіз боп бақытының жанары,  
Бәлкім, ол да бағын іздеп барады.  
Байқамайды-ау, (байқатсын ба тасқын ой)  
Жол үстінде тұрған сәби-баланы.

Қырсыққанда жүре де алмай дұрыстап,  
(Қас-қағым сәт,  
жым-жырт маңай,  
тыныш бақ).  
Талпынды, әне... тәлтіректеп,  
сол сәтте  
Шыға келді бір машина бұрыштап.

Жалт бұрылды жігіт естіп дауысты,  
Таптар ма деп ес қалмады, зәре ұшты.

Атылды кеп атқан оқтай,  
апыр-ай  
Құлап барып балдырғанға жабысты...

Арқалап-ақ сол сәбиді жүрер ме ед,  
Әттең-әттең, ұшып түсті-ау, түрегеп.  
Қайрап жігіт қалса да алып сәбиді,  
Қапылыста болды өзі мүгедек.

Күткен болар, бәлкім, оны жақыны,  
Кездесуге жетпей қалды-ау уақыты!  
Бақытсыз боп қаларын ол білді ме,  
Қорғаймын деп басқа жаншың бақытын.

Жанға батып аяғының жоқтығы,  
Содан бері қанша тұнжыр өтті күн.  
Жоғалтқан көп армандары секілді  
Шашылып бір сонда қалған шоқ гүлі!

...Ал, сол сәби аман қалған баяғы,  
Жүр бүгінде қаз-қаз басып аяғын.  
Біле ме екен бала шіркін,  
өзі үшін  
Біреу барын жүрген сүйреп таяғын!

\* \* \*

Жанды көрсен: шат көңілді, асқақ үн,  
Бұлт баспаған көңілінің аспанын.  
О, адамдар, олар — менің ақжарқын  
Сыйлас бір замандастарым.

Қайсар басып таудың жақпар тастарын,  
Асқан биік асулардың асқарын.  
Олар — менің өрге құштар, өр мінез,  
Ержүрек замандастарым.

Жанды білсең: жас ғұмырын, жас жанын  
Қиып кеткен бақыты үшін басқаның.  
Дәріптендер, о, адамдар, олар да —  
Қимас бір замандастарым!





**СЫРЫМДЫ  
АЙТАМ САҒАН**



*Саған деген сағынышым бар менің,  
Шөлдеп сусын іздейтінім сияқты.  
Саған деген сенгіштігім бар менің,  
Жырдан үміт үзбейтінім сияқты.*

*Саған деген сыр-лебізім бар менің,  
Көктемдегі таң самалы сияқты.  
Саған деген бір сезімім бар менің,  
Сені анаңның аңсағаны сияқты.*

*Саған деген тілегім көп осы күн,  
Арайлы бір аппақ таңым сияқты.  
...О, сәулешім, бәрі-бәрі осының  
Саған деген махаббатым сияқты!*



\* \* \*

Сағындым сені көп ойлар қамап алғанда,  
Сағындым сені көп айлар артта қалғанда.  
Жаным-ау, сенің ақ жүзінді аңсап іздедім  
Ең алғаш жауған қардан да.

Сағындым сені қағазға жасым тамғанда,  
Сағындым сені сағыныштан есім танғанда.  
Тұра сап ерте таппақшы болғам мен сені  
Толықсып атқан таңнан да.

Сағындым сені аққу-қаз қайтқан көктемде,  
Сағындым сені — сағыныш сазы көп менде.  
Бір жұлдыз болып қалмады ма екен деп.  
Кей күні  
Іздедім сені көз алмай сонау көктеп де!..

—  
—

\* \* \*

Мен саған көргенім жоқ мұнымды айтып,  
Жақын тартып «құпия» сырымды айтып.  
Сөз де айтпаппын жанашыр, жөні түзу,  
Өнбей жүрген өзімнің жырымдай түк.

Болса егер бас аман, мным да аман,  
Шабыт буса кеудемді құйындаған,  
Жыр жазылар, әйтеуір, жаман-жақсы,  
Бірақ, саған тіл қату қиын маған!



## СЕН...

Сен пәксiң,  
Таңдағы дала шығындай.  
Сен пәксiң,  
Сәбидiң қарашығындай.

Сен тым шатсың,  
Бақытты бала шағымдай.  
Сен жұмбақсың,  
Белгiсiз болашағымдай.

Сен әнсiң,  
Айтылмай жүрген көптен.  
Сен таңсың,  
Жанымды нұрмен өпкен.

Сен сәндiсiң,  
Аққудың көгiлдiрiндей.  
Сен мәңгiсiң,  
Солмайтын өмiр гүлiндей!



\* \* \*

Жақындай алмай жүрмін мен,  
Жандай-ақ саған өкпелі.  
Көрінем солай сыртыммен,  
Көңілде кірбің жоқ тегі.

Көруге жақын тіл қатып,  
Жасқанам — жасып қалардай,  
Жалт етсе сен боп бір бақыт,  
Жоғалтып мәңгі алардай.

Жасық де, мейлі, сен мені,  
Айта алмай жүрген бар сырым:  
Көздерің сенгіш — сенгенім,  
Сөздерің сосын — бал, шырын.

Кеттің сен қанша көзге ілмей,  
Қайтейін, кейде дал болсаң.  
Түсінем сені өзімдей,  
Түсінер мені жан болсаң.

□

\* \* \*

Жақсы ма, жаным, біреуді апсап жолына  
дәйім телмірсен,  
Жанарың жасқа толар-ау сонда,  
солар-ау гүлің мен білсем.  
Жарқылдап маған жетпесең егер осынау  
мұңды шағымда,  
Жанымның алау жалынып онда өршітпей  
бірден сөндір сен.  
Жанымның алау жалынын, жаным,  
өршітпей бүтін сөндір сен.  
Өлтір сен мені қазір-ақ осы.  
ақыры бір күн өлтір сен.  
Арманды асқақ көгімнен, мейлі,  
құлдилап құлап түсейін,  
Құлдилап құлап түсумен ғана сендірем  
сені сендірсем.  
Сен салған дерттен айықпақ болып досыма  
жақын сыр ашып,  
Сейілейін деп жол шығып келем сапармен  
талай қыр асып.  
Ойымнан менің шықпайсың бірақ жолда да,  
алыс жонда да,  
Сонда да менің көз алдымнан көлбеңдеп  
кетпей тұрасың.  
Қиялдап босқа жүргенде сенеп көз жазып  
қалам кейде мен,  
Құмар ғып сырттан мұнартып тұрған әлде бір  
сағым бейне ме ең?!

## ЖІГІТ СЫРЫ

Сайлап-ақ сөзді, ойнатып тіпті көзімде от,  
Кіжініп барып, күмілжіп қайтқан кезім көп.  
Өзің деп барған көңілім қалса құлазып,  
Қараймын мынау әлемге қайта өзің боп.

«Ақылға» еріп болмас бір жерде боп «мықты»,  
Алдында қыздың қисынсыз тағы қорқыппын.  
Әйтеуір, өзің шықпай да қалған оқтай бір,  
Жүректе мәңгі жарақат болып орнықтың...

Кей-кейде, ой-хой, албыртып көңіл,  
дархан боп,  
Сөйлеп те кетем сыр айта саған барған боп.  
Батыл қыз сен боп, бақытын маған сақтаған,  
Жасықтау жігіт мен болсам, мейлі,  
арман жоқ!





\* \* \*

Сен маған мөлдірген бұлақтайсың,  
Жалғыз-ақ соған ұқсап сыр айтпайсың.  
Өрілген өлеңімнің басысың да,  
Шешілмей жүрген көптен сұрақтайсың.

Сен маған жеткізбейтін сағымдайсың,  
Біресе мың бұралған ағындайсың.  
Мен сені арманымдай аңсап жүрем,  
Сен мені, бәлкім, мүлде сағынбайсың?

Сен маған шешуі көп сұрақтайсың,  
Білмеймін, тауысармын сұрап қайсын.  
Жұбатпайсың, болмаса жылатпайсың,  
Әйтеуір, арманымнан құлатпайсың!

□

## МЕН СЕНІ ҚЫЗҒАНБАЙМЫН...

Мен сені қызғанбаймын қадалған  
көздерден де,  
Мен сені қызғанбаймын сан алуан  
сөздерден де.

Қызғансам қызғанармын жалған бір  
күлкілерден,  
Түбінде шат жанына белгісіз мұң түнер деп.

Мен сені қызғанбаймын өзім жоқ  
көктемдерден,  
Мен сені қызғанбаймын қызғанып  
өткендерден.

Қызғансам қызғанармын алдағы күндеріңнен,  
Кірлетіп кете ме деп көңіліңді кім-көріңген.

Мен сені қызғанбаймын сауықты  
кештерден де,  
Мен сені қызғанбаймын ешкімнен...  
еш жерден де.

...Қызғансам қызғапдым мен:  
онаша кездеріңнен,  
Өзге емес, шынымды айтсам —  
өзімнің көздерімнен!

—

## ҚАРАЙСЫҢ НЕГЕ?

Қарайсың неге қадалып,  
Кеткендей менде есең бір.  
Қайтейін алдап, таба ғып,  
Арбалмай аман-есен жүр.

Біреудің көрер көзісің,  
Шығарсың гүлі алқызыл.  
Біреудің қоңыр қозысы,  
Біреудің, бәлкім, жалғызы.

Көруге ғана жаралған  
Шығарсың мына көз үшін.  
Бір жігіт үшін — жаңа арман,  
Тағы бір теңеу — сөз үшін.

Тұрсын-ау тегі тақалып,  
Өзіне ұнап өз ісің.  
Көзіңнен қайтем ақы алып.  
Біреудің қоңыр қозысы!

Қарайсың неге қадалып,  
Кеткендей менде есең бір.  
Қайтейін арбап, нала ғып,  
Әйтеуір, аман-есен жүр!

—

## ӨЗІҢСІҢ — АРАЙ КҮНІМ

Аққудайын аңсаған ақ айдынын,  
Сенсіз калсам кеудемді қамайды мұң.  
Сағынғаным шығар-ау, өзің жаққа  
Қайта-қайта қиылып қарайтыным.

Қайта-қайта қиылып қарайтыным,  
Ол — өзінді бағыма балайтыным.  
Ақ таңдарда сені ойлап отырам көп,  
Ұйқымды ұрлап көзімнен талай түнім.

Таңмен тұрып нұр-сәуле тарайтыным,  
Ол да — менің өзінді қалайтыным.  
Ақ сәулелер — дір еткен саусақтарың,  
Өзіңсің — Арай Күнім!



\* \* \*

Рауандап алтын арай таң атқанда,  
Шұғласын шар тарапқа таратқанда,  
Дүние күйге толып баратқанда,  
Әлемді Күн өзіне қаратқанда,  
    Мен сені көрсем деп ем таң атқанда.

Мен сені көрсем деп ем көктемімде,  
Ақ нөсер құйып-құйып өткенінде,  
Көгімнің бұлты ыдырап кеткенінде,  
Құстар да қиқу салып жеткенінде,  
    Мен сені көрсем деп ем көктемімде.

Бақыттан шалқып тұрған шақтарымда,  
Балқып бір бас айналып жатқанымда,  
Немесе мұңға терең батқанымда,  
Жалғыз қап жастардың гүл бақтарында,  
    ...Көрсем мен сені осынау шақтарымда!



\* \* \*

Өзіңді, жаным, жылатып ала жаздадым,  
Уақыт та өтпей қас-қағым.  
Жасыма бекер, о, менің шұғыла-маздағым,  
Армандай биік асқағым!

Жасыма бекер, жадырап әлі-ақ күн келер,  
Көктемнің келер, қырлардан алау гүл терер.  
Күтеді сені алдыңнан жарқын жаз әлі,  
Күтпейді бәрі бір қадам бассаң мүлт егер.

Арманда едің,  
Дархан да едің мен үшін,  
Қаталдау болдым ал өзім, бәлкім, сен үшін.  
Білемін, жаным, мен жоқта саған көңілсіз,  
Сен жоқта менің қуанышымның кемі шын.

—  
—

\* \* \*

Жәудіреп нәркес жанарын,  
Айтқандай маған сыр күнде.  
Нарқынды білмей, қарағым,  
Налытып әлде жүрмін бе?

Мені де мендеп нала-мұң,  
Қалғандай қазір құр сұлдем.  
Жанымды ұқпай, қарағым,  
Жатырқап сен де жүрсің бе?!

\* \* \*

Түндер-ай кейде кеш жатқан,  
Көздерге ұйқы тығылып.  
Көңілдің отын кеш жаққан  
Кеудемде лаулап бір үміт.

Сыр айтып сонау өткеннен,  
Жолыңнан талай кешіктің.  
Қиялдай ұзап кеткенмен,  
Жанынды сенің кеш ұқтым.

Жакын деп жүрген жаныңнан  
Өгейлік көрсең жаман-ақ.  
Жерім жоқ еді жалынған,  
Жөнім жоқ енді табалар.

Қуана келіп табысып,  
Қайғырып кеткен жаман-ау!  
Құлазып көңіл, қан ысып,  
Жанарым — солғын, жан — алау...

—

\* \* \*

Білдің бе сен мен жайлы, білмедің бе,  
Сырымды айтсам сырт беріп, күлгенің не?!  
Қашық қонып барасың қайда, жаным,  
Ғашық болып өзіңе жүргенімде.

Өмірден әлде өшпес отты іздедім,  
Өзіңнен үмітімді текке үзбедім?!  
Аңсаған аққұсым ең, әттеген-ай,  
Армандай алыстағы жеткізбедің.

\* \* \*

Үріктің бе дір етіп, маралым-ау,  
Мойыл көзің мөлдіреп қарадың-ау.  
Қорқамын.

Қорқатыным: мен өзіңнен  
Көз жазып қапылыста қаламын-ау!

Күлкің-ай күмістейін сыңғырлаған,  
Көркің-ай көкте ай мен күнді ұрлаған!  
Жалт беріп кетермісің түбі бір күн,  
Әзірге.

әзірге осы бұлдыр маған.





\* \* \*

Жоқсың сен.

Жүрсін қайда, жұбанышым,  
Өзінсіз кем менің бір қуанышым.  
Сезімнің сен сарқылмас бұлағысың,  
Жырымның жайқалған жас құрағы үшін.

Қайрылмай кеттін қайда, құралайым?  
Мен үшін біле білсең бұ да уайым.  
Құлатсаң құзар шыннан құлат мені,  
Тек Үміт асқарынан құламайын.

\* \* \*

Сен менің сүйіктім ең,—  
Сүйем деп айта алмағам.  
Отыңа күйіп кілең,  
Саяңда жайқалмағам.

Мен сені түсіпбедім;  
Еш кінә таппасам да.  
Әйтеуір, түсімде едің,  
Өңімде таппасам да.

\* \* \*

«Теңсің бе маған?»  
Неге айттың мұны, кім білсін.  
Қалт тұрып қалдым,  
Болды ғой маған бұл бір сын.  
Бозбала қызға білдірсе сырын,  
айып па,

Білдіре алса (ерікті бәрі), білдірсін!

Теңмін бе саған?  
Теңсің бе маған, кім білсін.  
Түсіне білсең: саған да маған бұл бір сын.  
Жүректің сөзін жүрекпен ғана ұғын сен,  
Жүректің сырын жүректер ғана жыр  
қылсын!

□

\* \* \*

Түсіп ең неге көзіме,  
Тап болдым несің кездейсоқ.  
Табынып өтем өзіңе,  
Ал менде одан өзге ой жоқ.

Көрмеппін жылы сөз айтып,  
Не шығар жалған тілектен.  
Үнсіздіктің өзі артық,  
Ұғынған артық жүрекпен.

Түсіп ең неге көзіме,  
Тап болдым неге мен саған.  
Көктемді аңсар кезінде,  
Өзіңді менмін аңсаған.

Көркіңе елтіп, құмартпай,  
Көз салмай сонда кетсемші.  
Жүрекке қайғы-мұң артпай,  
Көрмей-ақ сені өтсемші!

□

## ЕКІНШІ РЕТ...

Екінші рет сен үшін келіп едім,  
«Екінші рет киннама мені» дедің.  
Екінші рет жаныма батты-ау қатты,  
Сүймейтұғын біреуге телігенің.

Жұбатсам да өзімді «бекінші» деп,  
Жүдеп қайттым алдыңнан жетімсіреп.  
Екінші рет осымен жолым болмай,  
Сағым сынды-ау осымен екінші рет!

Жүдеп қайттым, қайтейін, жылап қайттым,  
Үш қатпайтын кім ең сен, қуаңтпайтын?!  
Қатал деген ұстаз да шәкірттерін  
Қатарынан екі рет «құлатпайтын...»

—

## ӨЗІҢ БОЛШЫ

Таңырқарсын.

Бәлкім, «бұл не сыр?» дейсің,  
(Енді қайтіп сен мені есіркейсің?!)  
Білемін мен: ертерек айтар сөзді  
Кеш айтқаным үшін де кешірмейсін.

Жасырар сыр өзіңнен жоқ, карағым,  
Жүрегімді жандырды от жанарың.  
Отырсам да өзгемен жарасқан боп,  
Өзің жаққа жаутандап көп карадым.

Көздерің-ай

жаркылдап тұрған анау,  
Аздық етер оны жай нұрға балау.  
Армандаған ақ құсым өзің болшы,  
Өзің болшы мен жазар жырдағы алау.

—

## МОЙЫНДАУ

Сен бе деп қалып бір қыздың,  
Білегінен ұстадым.  
Көңілін бері бұрғыздым,  
Бұрғыздым,  
бірақ құшпадым.

Сен бе деп қалып бір қыздың,  
Жанарына телмірдім.  
Көрмесем де,  
күндіз-түн  
Көз алдымда сен тұрдың.

Сен бе деп және бір қыздың  
Соңынан еріп барамын.  
...Білмеп ем,  
енді білгіздің,  
Қадірінді, қарағым!..

□

\* \* \*

Сені іздеп түнде жұлдыздар  
кірпігін ұзақ қаққандай.  
Сені іздеп таппай шын-құздар  
тыныстап бір сәт жатқандай.

Сені іздеп әнші құстар да  
Көмейден мұнын төккендей.  
Сені іздеп келіп қыс, қар да  
жас болып еріп кеткендей.

Сені іздеп дала сағыныштан  
сарғайып тіпті қалғандай.  
...Мені де саған алып ұшқан  
сағыныш екен армандай.



\* \* \*

Хатың келді қуаныш хабарын ап,  
Алматының сағынтқан самалын ап.  
Хатың келді өкпенді,  
назынды айтып,  
Кезінде көрмесем де саған ұнап.

Дейсің-ау: «Кішірейсең шығар ма жан?»  
(Қол созғам төменнен де шығарға сан).  
Ірілікті қайтемін,  
Мен кезінде,  
Кішірейіп те көңліңнен шыға алмасам...

—



\* \* \*

Менсіз де күліп, менсіз де жүріп жатқан да,  
сәулем, шығарсын,  
Менсіз де талай жүректер аңсар армандай  
асқақ шынарсын.  
Сенсіз де апта, сенсіз де сан жыл  
жүре алады екем жер басып,  
Сенсіз бе, бірақ, аласа тартып кетердей  
маған шығар шын...

Менсіз де шалқып, менсіз де талай  
тойларда, бәлкім, ән салып,  
Жүрген шығарсың кірпік ілместен  
тандарды күліп қарсы алып?  
Сенсіз де жақын сырласар жандар  
жоқ емес қазір жанымда,  
Сені іздеп, бірақ, сабылып өткен күндерім  
менің қаншалық!

Менсіз де толқып, менсіз де жұмбақ  
сырларға батып не түрлі,  
Менсіз де бүгін бойжетіп қапсың  
(ойың да, бәлкім, жетілді?).  
Сенсіз де мынау дүние түгел дөңгелеп  
тұра берер-ау,  
Сенсіз бе, бірақ, жер үсті маған қаңырап  
қалар секілді!

□

\* \* \*

Қия алмай кетіп, қайтадан жетсем  
аңсап бір,  
Қарғашым, мені құшағың жая қарсы  
ап жүр.  
Жалын боп келген, жарым боп келген  
көңіліме  
Жалынам, сәулем, көлеңке салма жансақ  
бір.

Сағынып жетсем сабылып жүріп сан айлар,  
Сәуле-нұр болып алдымнан шықшы арайлап.  
Сан үміт қонып, сағыныш болып жеткенде,  
Сағымды, жаным, сындыра көрме, абайла!

Шөліркеп жетсем ентіккен демді баса алмай,  
Кәусарым бол сен сімірер сонда бас алмай.  
Күлімдеп шықшы, Күнім боп шықшы  
алдымнан,  
Көзіңе бірақ жас алмай!

□

## ҚИМАДЫМ

Тұрғандай бізді түн күндеп,  
Түнердің неге қиналып?  
Кеудеме келген күмбірлеп,  
Төгілмей кетті күй нағып?!

Аспан да бізбен түнеріп,  
Жұздыздар қалды тұлданып.  
Алқымға келіп тіреліп,  
Айтылмай кетті сыр нағып?!

Қолыңды қысып көп тұрдым.  
Бакытым сонда қалғандай.  
Оқылмай көбі от жырдың,  
Айтылмай кетті ән қандай?

Жабығып жүрсем жырақта,  
Жасық деп мені сына бір.  
Қиналтып кетті-ау бірақ та,  
Қимастық сезім жүгі ауыр...

## АЯУЛЫ

Бастауы мөлдір бұлағым едің, Аяулы,  
Жеткізбей қойған жырағым едің, Аяулы,  
Шешімі — жұмбақ сұрағым едің, Аяулы,  
Жадырап айтқан жыр-әнім едің, Аяулы.

Жанарың нәркес сүзіліп қалған, Аяулы,  
Тістерің маржан тізіліп қалған, Аяулы,  
Әнімдей әсем сызылып қалған, Аяулы,  
Үміттей қысқа үзіліп қалған, Аяулы.

Балымсың тәтті-ақ — өмірде бір де  
татпаған,  
Таңымсың аппақ—мен үшін күліп  
атпаған.

Күнімсің ыстық — шуағын, әттең, аяған,  
Гүлімсің нәзік — жұлдырмай қалай ап  
қалам?

Білмейін, мейлі, өзінді бала шағыннан,  
Сонау бір күзден сарғайып қанша  
сағынғам.

Қорыққан емен көздерден не бір тесілген,  
Қорқамын бірақ мен сенің болашағың-  
нан...

Бастауы мөлдір бұлағым сенсің, Аяулы.  
Жақын да болсаң, жырағым сенсің, Аяулы,  
Жаһанды кезіп сұрарым сенсің, Аяулы,  
Жырлайтын мәңгі жыр-әнім сенсің,  
Аяулы.



\* \* \*

Қиялдап келіп өзінді,  
Қия алмай кетіп барамын.  
Сағыныш деген сезімді  
Тия алмай кетіп барамын.

Шығам ба деген жерімнен  
Шыға алмай кетіп барамын.  
Сынам ба деген едім мен,  
Сына алмай кетіп барамын.

Үмітім әлде кесілді,  
Байқалмай кетіп барамын.  
Айтам ба деген кесімді,  
Айта алмай кетіп барамын.

Сырыңа сенің бүкпесіз  
Тоя алмай кетіп барамын.  
Жырымның соңғы нүктесін  
Қоя алмай кетіп барамын...



## МАЗМҰНЫ

### БІРІНШІ БӨЛІМ *Бақытым — байтақ далам*

«Төбемнен аппак...» . . . . .	5
Көкшені сүйген жүректен . . . . .	7
«Сәл жырақ...» . . . . .	8
«Туған жерге...» . . . . .	9
«Көкшетауым...» . . . . .	10
«Сен жаққа дәйім...» . . . . .	—
Орманда . . . . .	11
Жолдар... жолдар . . . . .	12
Сүйемін мен... . . . .	13
Туған дала . . . . .	14
Аққулар . . . . .	15
Қос көгершін . . . . .	16
Жақсы-ау . . . . .	17
Аңсаймын сені, апашым . . . . .	18
«Күн деп оны айтар кім...» . . . . .	19
«Жыр жаза алмай...» . . . . .	—
Ой тамшылары . . . . .	20
Достарға хат . . . . .	21
«Амансың ба...» . . . . .	22
Әке . . . . .	23
Аға дер ем . . . . .	24
Сурет сыртындағы жазу . . . . .	25
Қуандым ғой . . . . .	26
Бауыр . . . . .	27
Женешеме . . . . .	28
Замандас туралы баллада . . . . .	29

### ЕКІНШІ БӨЛІМ *Сырымды айтам саған*

«Саған деген сағынышым...» . . . . .	33
«Сағындым сені...» . . . . .	35
«Мен саған...» . . . . .	36

Сен . . . . .	37
«Жақындай алмай...» . . . . .	38
«Жақсы ма, жаным...» . . . . .	39
Жігіт сыры . . . . .	40
«Сен маған...» . . . . .	41
Мен сені қызғанбаймын... . . . .	42
Карайсың неге? . . . . .	43
Өзіңсің — арай күнім . . . . .	44
«Рауандаң...» . . . . .	45
«Өзіңді, аялым...» . . . . .	46
«Жәудіреп нәркес жапарың...» . . . . .	47
«Түндер-ай...» . . . . .	—
«Білдің бе...» . . . . .	48
«Үріктің бе дір етіп...» . . . . .	—
«Жоқсың сен...» . . . . .	49
«Сен үейің...» . . . . .	—
«Тенсің бе маған?» . . . . .	50
«Түсіп ең неге көзіме...» . . . . .	51
Екінші рет . . . . .	52
Өзің болшы . . . . .	53
Мойындау . . . . .	54
«Сені іздеп...» . . . . .	55
«Хатың келді...» . . . . .	56
«Менсіз де күліп...» . . . . .	57
«Қия алмай кетің...» . . . . .	58
Қимадым . . . . .	59
Аяулы . . . . .	60
Қиялдап келің...» . . . . .	61

МУХАМЕДИЯ ЖУМАГАЛИЕВ

ТАИНСТВЕННЫЕ НАПЕВЫ

СТИХИ

(На казахском языке)

Редактор *Т. Мукаев*  
Художник *Т. Мухатов*  
Худ. редактор *Х. Абаев*  
Техн. редактор *Т. Алшынбаев*  
Корректор *С. Утегенова*

Сдано в набор 4/II 1977 г.

Подписано к печати 7/IV 1977 г.

Бумага тип. № 2. Формат 60×90<sup>1/32</sup>—2,0=2,0 усл. п. л.  
(1,8 уч.-изд. л.). УГ06540. Тираж 5000 экз. Цена 20 коп.  
Издательство «Жалын», гор. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111.

Заказ № 1094. Типография оперативной,  
билетно-бланочной продукции производственного  
объединения «КІТАП» Государственного комитета  
Совета Министров Казахской ССР  
по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,  
г. Алма-Ата, ул. К. Маркса, 15/1.



12.1      001-3

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ  
20 т.      АЛМАТЫ — 1977

---

